Композитор
Амангелді Ахметжановтың
әндер жинағы



# Айналайын

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы

Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы

КОМПОЗИТОР
АМАНГЕЛДІ АХМЕТЖАНОВТЫҢ

# «АЙНАЛАЙЫН»

ӘНДЕР ЖИНАҒЫ

Қарағанды қаласы, 2023 жыл

«Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ

«Облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы» КМҚК

А.Б.Ахметжановтың «Айналайын» әндер жинағы «Сарыарқа таланттары» жобасы бойынша шығарылған.

**Жауапты шығарушы:**

К.Садвокасова

**Компьютерге ноталарды түсіріп, терген:**

С.Боранбаев

«Айналайын» әндер жинағына композитор Амангелді Ахметжановтың шығармалары жинақталған. Жинақ кәсіби және әуесқой әншілерге, сондай ақ шығармашылық ұжымдардың жетекшілеріне және көпшілік оқырмандарға арналған.

© Қарағанды қ. «Форма плюс» баспасы, 2023 ж. – 88 б. 180 дана.



***Амангелді Берікбайұлы Ахметжанов*** *– 1987 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Теректі ауылында дүниеге келген. Жастайынан өнерге құмартып, мәдени іс-шараларға белсенді қатысып келеді. 1994 жылы №30 Теректі орта мектебінің табалдырығын аттап, 2005 жылы Н.Нұрмақов атындағы №43 орта мектебін тамамдады. 2005-2009 жылдары академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Қазақ филологиясы» мамандығы, 2018-2020 жылдары Павлодар педогогикалық университетінде «Музыкалық білім» мамандығы бойынша білім алды. Аудандық, облыстық, республикалық ән байқауларының жүлдегері. 2013 жылы «31 арна» ұйымдастырған «Ән – шаңырақ» телебайқауының финалисті атанды. 2014 жылы әнші, сазгер Марғұлан Уәлиевтің «Сен ғана» атты әніне бейнебаян түсірді. 2016 жылы Арқа өңірінің жас сазгерлерімен бірге «Махаббаттың бесігі – Қарағандым» атты ән кешін өткізді. 2016 жылы Т.Молдағалиев атындағы «Жүрегі жырдан жаралған»*

*республикалық ән байқауының 3-ші орын иегері, 2016 жылы «Текті сөздің төресі – терме» атты республикалық жыршы-термешілер байқауының дипломанты атанды. 2017 жылы белгілі ақын Мұхтар Шахановтың 75 жылдық мерейтойында автордың рұқсатымен «Жұбайлар жыры» әнін Астанадағы «Қазақконцерт» залында шырқады. Актер, тележүргізуші әрі продюссер Жанатбек Байтеков 2017 жылдан бері ұйымдастырып келе жатқан республикалық «Махаббат әлемі» атты отбасылық жобасының тұрақты қатысушысы. 2018 жылы Алматыда әнші Майра Илиясова ұйымдастырған «Сағындырған әндер-ай» жобасында өнер көрсетті. 2022 жылы әуесқой композиторлардың облыстық «Сарыарқаның жаңа есімдері» атты байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталды. Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының, ҚР«Абырой» авторлар қоғамының мүшесі.*

*2007 жылы ақын Ерқанат Кеңесбековтың «Мен әлі баламын» атты өлеңіне ең алғаш ән жазып, кейін Мирас Асан, Қуаныш Медеубаев, Алмаз Мырзахметов, Рауан Қабидолдин, Жадыра Байбұланова, Қайрат Иманбеков және Құралай Омар сынды ақындармен бірге бірнеше ән шығарды.*

*Ақын Қуаныш Медеубаевтың сөзіне жазылған «Киелі Балқантау» әнін Қазақстанның Халық әртісі, әнші Мақпал Жүнісова, ақын Мирас Асанның сөзіне жазылған «Арқаның таңы», «Кешір, аяулым» әндерін Әл-Таир тобы, «Бақты мекенім» әнін Сәкен Омаров, «Аңсағаным» әнін Марғұлан Уәлиев, ақын Назерке Түсіпбекованың сөзіне жазылған «Сәлемің ғана күткенім» әнін Ақбота Мәкежанова, ақын Рауан Қабидолдиннің сөзіне жазылған «Періштем» әнін Берікбол Ахметов, ақын, жазушы Алмаз Мырзахметовтың сөзіне жазылған «Сенсіз» әнін Дәуренбек Ақылбек, «Аңсағаным менің» әнін «Қарқаралы» триосы, ақын Құралай Омардың сөзіне жазылған «Сен едің» әнін Загыпран Жотай, «Сағындым сені» әнін Серік Сұлтан сынды әншілер орындап жүр. Автордың өз орындауында Мирас Асанның сөзіне жазылған «Қалқатай», «Естелік», ақын Қуаныш Медеубаевтың сөзіне жазылған «Туған жер толғауы», «Қылықтым», Қайрат Иманбековтың сөзіне жазылған «Қояндым» әндері бар.*

*Сондай-ақ, Амангелді - Загыпран отбасылық дуэті болып та бірнеше әндерді орындап келеді. Олардың қатарында, ақын Жадыра Байбұлానованың сөзіне жазылған «Сен қасымдасың»; ақын Қуаныш Медеубаевтың сөзіне жазылған «Қалай», «Қызылтау»; ақын Рауан Қабидолдиннің сөзіне жазылған «Жаңа жыл»; ақын, жазушы Алмаз Мырзахметовтың сөзіне жазылған «Кел маған» сынды әндері бар.*



*Мақпал Жүнісова*
*Қазақстанның Халық әртісі,*
*Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

# Санадағы сағынышты қозғайтын саз

Амангелді – топырағынан талантты өнерпаз. Оның әуезді әндерінде, қоңыр дауысында кешегі қаз дауысты Қазыбек билерден қалған, күйші Тәттімбет, сері Мәдилермен жалғасып жеткен құнарлы қасиеттің табы бар.

Мен оны Амангелді бауырымның «Киелі Балқантау» әнін алғаш тыңдап, орындағанда анық сезіндім.

Ән сені шынымен шабыттандырып, сөзі мен сазы қатар жымдаса, туған жерге деген сағыныш, алыстағы елге деген махаббатты бірден жүрекке сөз, жанарға жас қып жеткізді.

Шалғайда жүрген соң, кіндік қанымыз тамған қасиетті өлкені үнемі сағынып, жүрегіміздің бір бұрышында жөргектеп жүреміз. Осынша жасқа келсек те, сол жерде еркелеп, сол елде өскен қыз ретінде туған топырақтың тауы мен тасын, ерке самалы мен мөлдір бұлағын аңсамай жүре алмаймыз. Сол кездерде Амангелдінің әсем әндері көңіліме медеу, жаныма жұбаныш болады.

Сөзімнің басында да айтқанымдай, Егіндібұлақ өңірі – ежелден өнерге бай, кие қонған, тасын түртсең тарихы тіл қататын таңғажайып мекен. Кешегі Жүсекеңдермен үзілмей жеткен дәстүрлі ән мектебі әлі де талантты ұл-қыздарымен мақтанады.

Бақ қонған Балқантау десе біздің көз алдымызға сол алыптар елестейді. Ол топыраққа деген сағынышымыз қашанда үдемесе, үзілмейді.

Менің елге деген ерен сағынышымды, ауыл қарияларынан алған ақ баталарымның алғысын жеткізуге «Киелі Балқантау» әні өз септігін тигізді.

Осындай өлмес туындылар көп болып, жалпы елге, туған жерге деген махаббат ешқашан өлмеу, өшпеу керек. Мағыналы, мәнді, елдің рухын көтеретін әндер туа берсін!

Өнерде өрде, өмірде төрде бол, бауырым!




***Мирас Асан***
*ақын, халықаралық «Шабыт»*
*шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты,*
*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*


# Туған жерін тұғырға қондырған сазгер

Біз қазір өзіміздің ең қызық студенттік шақтарымызды Амангелдінің небір сырлы сұлу әндерімен бірге елестетеміз. Оның жүректі тербер, жанды уатар, нәзік иірімнің әркез әуездері біздің сол кезеңдердегі енді бүржарған аппақ сезімдерміздің қылын дөп басып, алқына соққан бозбала жүректерді бозала таңға дейін аялай тербейтін.

Бейнелеп айтқанда, біздің сол кезеңдердегі әдеби, рухани ортамыз Амангелдінің әндерімен бір-бірін биге шақырып, махаббаттың бал шәрбатына Амангелдінің әндерімен бас қоятын. Марқұм сыршыл ақын Тұманбай Молдағалиевтің:

«Шәмшінің әні, Шәмшінің әні – әніміз,

Біраздан кейін Шәмші боп кеттік бәріміз», деген ғажап өлеңі бар.

Сол сияқты біз де Амангелдінің әнімен талай қызықты кештерден әйтеуір «аман-есен» үйге қайтып бара жататынбыз...

Сөйте жүріп, сазгер де сауықшыл Амангелдінің біршама әніне сөз де жаздық. Ол әндердің әрбір нотасы жансарайымызда әлі күнге дейін жаттаулы тұр.

Амангелді сондай-ақ, жай ғана композитор емес, ғажап орындаушы, өте талғампаз дауыс та иесі. Ортаның көркі, алқаның ажары. Амангелді – жан дүниесімен, бар болмысымен табиғи әнші. Арқадағы талай той осы күндері Амангелдінің әндерімен шымылдығын түріп, шырқау биігінде «Егіндібұлағым» деп дүркірей аяқталып жатады.

Бұл – Амангелдінің шығармашылықтағы ең үлкен жетістігі. Ел мен жерге қойылар ең ғажап ескерткіш ол – ән. Бұл тұрғыда Амангелді өзін тудырған, талай тарлан тұлғаға тұғыр болған алтын топырақты өміршең, өр рухты әнімен одан сайын биіктетіп қойды!

Ән қанатың талмасын, тел өскен, тең өскен арда дос!

# Махаббат тақырыбындағы әндер

## Айналайын

*Сөзі: М. Асандікі*



1. Күлкің – күміс бұлақ та,
Сүмбіл шашың – қара түн.
Сен деп ай, жыл, күн, апта,
Өтті зулап сағатым.

Қайырмасы:

Жүрегімнің әні – Сен,
Сенсің бақыт, байлығым.
Айналамның бәрі – Сен,
Айналайын, Ай, Күнім.

2. Сенсің – самал тербеген,
Жүрегіме жақын жан.
Саған кәусәр шөлдегем,
Саған жолдар шақырған.

Қайырмасы:

3.Сенсің жүрек, әмірім,
Қарамайын қайда да.
Сені көрдім жарығым,
Үңіліп ем айнаға.

# Аққусым

*Сөзі: Р.Қабидолдиндікі*




1.Кеудемде саған асық

Жүректің ішіндемін
Ақ бұлтпен араласып
Адасқан құсым менің

Қайырмасы:

Жіберсе хат алыстан
Сендегі ерік жігер
Өзіңмен қатар ұшқан
Құстардан беріп жібер

2. Таусылған тағатым ба,
Төзім бе, аңғармадым
Ақ мамық қанатыңда,
Аяулы армандарым.

3. Сезімнің ұшқындары
Сол өзен, сол орманың
Оралды құстың бәрі
Сен неге оралмадың?

# Аңсағаным менің

*Сөзі А. Мырзахметовтікі*



1.Аққуымсың айдында
Ақ қанатын тараған
Жұлдызбысың, айсың ба
Қол жеткізбей қараған
Самал желмен бетіңді
Сүйгізетін гүлім бе ең
Қабағың ай секілді
Кірпігіңе күн ілген

Қайырмасы

Аққуымсың сен
Ақ гүлімсің сен
Шаттығымсың сен
Таң самалым
Арманымсың сен
Ардағымсың сен
Бақытымсың сен
Аңсағаным

2.Қияр едім әлемді
Сенің күлкің үшінде
Ай ажарың әдемі
Сондықтанда күрсінбе
Жел моншағың үзіліп
Жібек шашын тарайды
Әлем бізге қызығып
Қызғанышпен қарайды

Қайырмасы

3. Бірге өткізіп өзіңмен
Шуақтанды әр күнім
Сен ұсынған сезіммен
Бақыттымын жарқыным
Бағым сенсің Көріктім
Таңым болып ояндың
Қылығыңмен еліттің
Әлемімді боядың
Қайырмасы

# Аңсағаным

*Сөзі: М. Асандікі*

**Орташа ♩ = 100**



1.Жүректі мөлдір жаным баурағансың,
Шұғыласы нұр аппақ таң арайсың
Сезімге сезім неге жалғамайсың
Сезімім аққу неге самғамайсың

Қайырмасы:

Арманым, аңсарым
Әнімді саған арнап
Аңсадым, эн салдым
О оо

2. Жанарың сенің көрікті көктем бе
Ұқсайсың кейде қырмызы көкбелге
Самалдың өзін өзің деп қаламын
Өзің деп қалам еркелеп өткенде
Қайырмасы:

# Арқаның таңы

*Сөзі: М. Асандікі*



1.Арқаның таңы, арайлы ма әлі
Қанбайды құмар, қалайды жаным
Өртейді сезім, қамайды жалын
Өртейді сезім, қамайды жалын

Жете алмай жүрген күн, айым менің
Түсіме кірдің мұңайып өңің
Айталмай іштен тынайын дедім
Айтқызбай бәлкім ұғайын дедің
Арқаның таңы, қалқаның әні

2. Арқаның таңы атпаған әлі
Сағынған жанның ақмарал әні
Соқпай тұр жүрек тоқтаған әлі
Соқпай тұр жүрек тоқтаған әрі

Жете алмай жүрген күн, айым менің
Түсіме кірдің мұңайып өңің
Айталмай іштен тынайын дедім
Айтқызбай бәлкім ұғайын дедің
Арқаның таңы, қалқаның әні

3.Көркіңе лайық, шырайың меңің
Тамсанып қана тұрайын дедім
Көзіңе жас боп, тұнайын дедім
Көзіңе жас боп тұнайын дедім

Жете алмай жүрген күн, айым менің
Түсіме кірдің мұңайып өңің
Айталмай іштен тынайын дедім
Айтқызбай бәлкім ұғайын дедің
Арқаның таңы, қалқаның әні

# Бақытты едің

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1. Бір кезіп қиял бағын
Әлемге сия алмадым
Бақытың шығар шексіз
Сен мені сүйе алғаның

Жетелеп жүрегімді ой
Көктемде жүр едің ғой
Періште сен емессің
Періште жүрегің ғой

Қайырмасы:
Сезімім тауып теңін
Дәл басып уақыт демін
Жүрегің мен деп соққан
Сен неткен бақытты едің

2. Аңсасам сезім лебін
Дидарлым сенің керім
Тілеймін жүрек емес
Сүйсе деп еріндерің

Тек маған сыйқырлы шын
Арнайтын сый күлкісін
Таңданбай қалай тұрам
Сен сондай сүйкімдісің

Қайырмасы:

# Гүлғұмыр

*Сөзі: М.Асандікі*



1.Кімге мұң айтып тілдесем
Кімменен ғұмыр бір кешем
Ғайып боп кетер ме екенмін
Жанымда гүлім жүрмесең

2.Шуағын мұңым жасырған
Шұғылам ба едің шашылған
Жұпарың жүрсін жүректе
Иіскет қалқам шашыңнан

3.Жанымды өртер жалынсың
Жалынсың сырлы сағымсың
Білесің бе екен сен менің
Шырқалып өтер әнімсің

# Ғашықпын

*Сөзі: Е.Елеусіздікі*

**Сезіммен**



1.Балауса жырға теңелген
Ғашық боп әлі келем мен
Махаббат бастан өтпей ме
Сенен де жаным менен де
Менен де жаным сенен де

Қайырмасы:
Жүрсің ау кімді таң қылып
Өзекті өрттей жандырып
Кез келер мені сағынар
Өзгерер сонда тағдырың
Кез келер мені сағынар
Өзгерер сонда тағдырың

2.Жүректі сезім қинайтын
Кеудеге мынау сыймайтын
Бір нәзік өскен гүлсің бе
Сүйгендер үшін сыйлайтын
Сүйгендер ғана сыйлайтын

3.Мұңым бар іште өлмеген
Дариға-ай саған шөлдеген
Махаббат бастан өтпей ме
Сені де мені тербеген
Мені де сені тербеген

# Естелік

*Сөзі: М. Асандікі*



1.Өзіңсіз күндер өте ме сырғып
Кеудеме жүрек сия алмай барад(ы)
Бақытсыз жандар көшеде тұрдық
Қоштасқан болып қия алмай қарап.

Жанымды күз ғып алып ұштың ғой
Қайтып оралшы көктеммен жаным,
Жүрегімдегі сағынышсың ғой
Ұмытайықшы өткеннің бәрін.

2.Қолыңды маған соңғы рет бұлғап
Тағдырды неге қаладың бөтен
Мұңайса да сол мөлдіреп тұрған
Бақытым сенің жанарыңда екен

Бақытқа барар жолды таппадым
Жанымды қайтем, қозғасын нала
Сенен естелік соңғы хаттарың
Менен естелік көз жасың ғана.

# Жанымда бол

*сөзі Ж. Байбұлановамікі*



1.Басыма бақ боп қонғаным
Қуанышым мен қорғаным
Көңілге көктем орнатып
Жанымда мәңгі бол, жаным

Қайырмасы:
Басылмас шаттық қызығы
Махаббат таптық біз ұлы
Шын ғашықтармыз тағылған
Жүректе неке жүзігі

2. Мерекем менің, мерейім
Ең тәтті сөзге теңейін
Алдымда жүрші аман боп
Бақытқа ғана бөлейін

# Иран бағым

*Сөзі: Б.Мұхидендікі*



1. Көзіңнен бір сыр көрем
Ғашықтық тілсіз деген
Сен менің жүрегімсің ғой
Кеудемде дүрсілдеген

Шуағын төгіп тұрған
Сыңарым болып туған
Сен менің тірегімсің ғой
Тағдырым жолықтырған

Қайырмасы:
Иран бағым,
Мен барда қиналмағын
Сыйлы ардағым
Саған бар сыйды арнадым

2. Жанарың жақұт,күнім
Бірге өтсін уақыт-жылым
Сен менің ханшайымымсың
Өзіңмен бақыттымын

Әрқашан қарсы алайын
Еркелеп ханшадайын
Сен менің ақ патшамсың ғой
Ақ отау хан сарайым
Қайырмасы:

# Кездескім келіп жүр менің

*Сөзі: А. Ахметжановтікі*



1.Жас тамып тұрған жанарың
Жаныма батты маралым
Сен кетіп бара жатқанда
Қарадым ұзақ қарағым

Көңілдің үзбей күдерін
Сағынды сені Жүрегім
Алыстап кеткен бейнеңмен
Кездескім келіп жүр менің

2. Қылаудай мөлдір сыр күткен
Есімде сонау гүл көктем
Ақ ұлпа сезім бүр атып
Үмітпен мені жүдеткен

3. Көктемнің қимай күлкісін
Оралды қайта жыл құсы
Сағынған күні күлімдеп
Келер деп күтіп жүрмісің

# Кел маған

*Сөзі: А. Мырзахметовтікі*



1.Ажарлы айымсың аппағым
Санамда бақытты шақтарым
Теремін жапырақ жастарын
Екеуміз қыдырған бақтардың

Қайырмасы:
Кел, Кел, Кел, Кел, Кел маған
Аңсаған арманым сен ғана
Сүйіктім өзіңсіз
Бұл әлем көңілсіз
Сағындым еркелеп Кел маған

2.Алыстан аңсаумен күрсінген
Сағыныш екенін түсінгем
Тағдырдың заңымен қоштастық
Тағыда кездесу үшін бе?!

3.Жанарды жаспенен жылыттым
Кеудемде шоғы бар үміттің
Сен мені сағынып жүрсің бе
Мен сені Сағындым, Қылықтым

# Кешір, аяулым

*Сөзі: М. Асандікі*



1.Көкіректегі көз жасың сенің
Айтылмай жүрген ән еді
Көздерің ғана жолдасын дедім
Көңілдің хошын сәлемін

2. Кеудемді отқа сүйдіріп көрдім
Жалының ыстық қайтармай
Өкінішіме сыйдырып келдім
Сағынышымды айта алмай
Қайырмасы
Кешір аяулым, кешір ардағым
Ауылың алыс арманда
Осы бір әнді есіңе ал жаным
Бір жұлдыз көктен тамған да

3.Кешір аяулым, кешір ардағым
Ауылың алыс арманда
Осы бір әнді есіңе ал жаным
Бір жұлдыз көктен тамған да

# Көріктім

*Сөзі: Р.Қабидолдиндікі*



1.Көркіңнен қалдым адасып
Шырайлым едің шаттығым
Сен қайда ұшып барасың
Адасқан менің аққуым

Қайырмасы:
Күндерден кейін күн өтті
Айларды жылға жалғадым
Сағынтып мынау жүректі
Қайтып оралшы арманым

2.Көңлімді менің шайқаған
Кеудеме таққан тұмарсың
Адасып кетіп қайтадан
Қона алмай жүрген шығарсың

3.Сен едің мендік ізгі арман
Бір көрер ме едім жүзіңді
Сен үшін қанша бүр жарған
Қызғалдақ қырдан үзілді

# Қалай

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1.Өмірден өтті ғашықтар талай
Еңлікпен Кебек таппаған арай
Жалғанда мынау жүргенмін жаным
Жібектей саған қол жетпей қалай?!

Ғашықтар өтті уақытқа қарай
Бір сәтті көргем бақытқа балай
Ақ жайық сезім толқынын аттап
Төлеген болып жетпедің қалай

Қайырмасы:
Қалай жүргем құшағымды жая алмай
Еркелеген жанарыңда оянбай
Бірге кезіп махаббаттың әлемін
Әдемім, Қозы Баяндай

2. Аспаннан аққан жұлдызды санай
Тербетіп нұрын көрінген жаңа ай
Ләйлі мен Мәжнүн құса боп өтсе
Жоқ дерсің, жаным, махаббат қалай?!

# Қалқатай

*Сөзі: М. Асандікі*



1.Жуылып жасқа жанарың
Жабырқау неге қарадың
Қайтейін қалқам қайтейін
Қия алмай қалып барамын
Қия алмай қалып барамын.

2. Жұлдыз боп тусам түніңнен
Таң болып қарсы ал гүліңмен
Сырласайыншы самал боп
Жүрегіңдегі дірілмен
Жүрегіңдегі дірілмен

3. Жаныңа жыр боп түнейін
Жүзіңде күн боп күлейін
Рұқсат берші қалқатай
Жүрегің болып жүрейін
Жүрегің болып жүрейін

# Қылықтым

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*

**Жүрдек ♩ = 130**



1.Сағыныш кеудем
Алып ұш жерден
Аққуым бір күй шертелік
Еліткен назға
Сырлы әуен сазға
Ернiңде қалған еркелік

Қайырмасы:

Күліп бір керім
Қылықтым менің
Күнәсіз көзбен қарасаң
Бақ күнді көрік
Тәтті үнің көміп
Шаттығың болып жарасам

2. Аяулы жырма ең
Баянды күннен
Өзіңді сәулем кез қылдым
Ал қызыл гүл ме ең
Жалғызым жырмен
Сезімнің сырын сездірдің

3.Сен үзбей қылық
Теңіздей тұнық
Тартады ау мені тәтті мұң
Ұмыттым жаным
Қайғының бәрін
Айдынымдағы аққуым

# Періштем

*Сөзі: Р.Қабидолдинтікі*



1.Айналған бал аңызға
Ғашықпын қара қызға
Сағынып жүрмін әлі
Алыстап барамыз ба

Қайырмасы
Дариға-ай көктем едің
Несіне өкпеледім
Сен кеткен көз алдымда
Желкені көк кеменің
Періштем сөкпе мені
Періштем сөкпе мені

2.Білмеймін мұңды ма әнім
Күлмеймін кім кінәлі
Аяулым қайда кеттің
Сағынып жүрмін әлі

3. Жоғалттым ай, күнде ашық
Алайын қайғымды аршып
Жоғалтқан періштемді
Кім көрді айтыңдаршы

# Сағындым

*Сөзі: Ә. Аманжоловтікі*

**Сезіммен ♩. = 70**



1.Сағындым дейсің…
Жылауға сәл-сәл аз қалып
Үніңнен іңкәр саз тамып
Қамбар - жүректі жүдеткен
Назымнан бетер назданып

2.Сүйемін дейсің…
Жанарың нұрдан жанғандай
Тылсымың тағы бар қандай
Хор қызы сенің қасыңда
Көлеңкең болып қалғандай
3.Аңсадым дейсің…
Суындай тұма тұнықтың
Ардағым аппақ қылықтым
Ләйліні құшып жынданған
Мәжнүннің жайын шын ұқтым

4. Не дейсің, жаным…
Сабыр бер аздап жаныңа
Сағынып, сүйіп, аңсаған
Аңсайда аңсай шаршаған
Келіп тұр жүрек алдыңа

# Сағындым сені

*Сөзі: Қ. Омардікі*



1.Сезіліп сырлы сөзімнен демім
Бақытым жалғыз өзіңмен дедім
Үңілсең егер көретін едің
Өзіңді ғана көзімнен менің

Қайырмасы:
Жылжымас күнге өкпелі екенмін
Уақытты бекер сөккен екенмін
Жолығар болсақ ұғатын едің
Жүректе әлі көктем екенін

2.Өшпейді мәңгі үміт шырағым
Ұмытшы мұңды, ұмытшы бәрін
Өзіңсіз өксіп, жаураған жанды
Жүрегіңе орап жылытшы жаным

3.Күтемін десем жанарым талмай
Неліктен мұңға жамалың малды-ай
Сағындым сені, Сағындым жаным
Төзімім кеміп, амалым қалмай

# Сағыныш

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1.Сені аңсаған кезімді ғасырға тең
Ғасырға тең қалайша жасырмақ ем
Білесің бе махаббат ғашықтардың
Ғашықтардың жылаған жасында екен

2. Түндерім көп зарығып сені ойлаған
Сені ойлаған әр таңым арайланған
Сезесің бе махаббат сағым екен
Сағым екен мен оны қалай табам

3. Кештерім жоқ өкініп күрсінбеген
Күрсінбеген кеудеме кір сіңбеген
Сенесің бе махаббат сағынышқой
Сағынышқой күтумен жүрсің бе екен

# Сен едің

*Сөзі: Қ.Омардікі*



1.Сен едің жырым, сүйсінген әнім
Сезімді матап, түйсінбе таңым
Өзіңсіз мынау, реңсіз күндерге
Көндігу оңай дейсің бе жаным

Қайырмасы:
Өткіздім сенсіз, бұл айды күнім
Сабырды сарқып, сынайды мұңым
Түс деген тәтті әлемді көріп
Жете алмай тағы жылайды түнім

2.Жүректің неге мұңы тым қалың
Көңілді бордай үгітіп алдым
Түссе де біздің сезімге қырау
Білгейсің әлі үмітім барын

3.Мөлт еткен жасқа қарашы мына
Мұңайған әлде дала шығыма
Жүректі қайтем, жарығым сенің
Қамалып қалған қарашығыңа

# Сен қасымдасың

*Сөзі:Ж.Байбұлановалікі*



1.Жанымды менің емдегенімсің
Төрімде бесік тербегенімсің
Арайлы таңда сен деп оянып
Кеш батса көзім сен деп ілінсін

Қайырмасы:
Арнасам әннің ең басындасың
Есігі мұңның енді ашылмасын
Бұл өмір қандай ғажайып жаным
Сен қасымдасың
Сен қасымдасың

2.Жабыққан сәтте қорғаным дедім
Сенімен аппақ таңдарым керім
Тек сенің ғана алақаныңнан
Ұстап өтеді қолдарым менің

3. Мұңайтып мені көрмегенімсің
Қуаныш, қайғы теңге бөлінсін
Жанарымдағы ең адалымсың
Жүрегімдегі ең керегімсің.

# Сенсіз

*Сөзі: А. Мырзахметовтікі*



1.Күрсінген күндер, көшеді сенсіз
Үмітім үнсіз өшеді сенсіз
Сүйгенім үшін кеш енді мұңсыз
Кім сені мендей түсінеді

Қайырмасы:
Саябақ кезіп, жүремін сенсіз
Өзгемен енді күлемін
Көктем кешінде тоңамын шерсіз
Жүрегім сенсіз соғады

2.Аспаным түнгі шахары сенсіз
Таңдарым үнсіз атады сенсіз
Сезіліп тағдыр қаталым сенсіз
Бақтары гүлсіз күрсінеді

# Сүйемін сені

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1.Көздеріңнен үзіліп үміт
Маған қарап жайдарлы күліп
Еркелейсің көріктім неге
Жанарыңда бір сырды бүгіп

Қайырмасы:

Өпкенде гүлім, бақыттың лебі
Көктемде күнім қаласаң мені
Әлемімдегі жұлдызым әсем
Әдемім менің сүйемін сені

2.Кездеспесе дидарың күндей
Өтер ме едім бақытты білмей
Аялап өтем өзіңді жаным
Көктемдегі қырмызы гүлдей

# Сізге

*Сөзі: Н.Түсіпбекованікі*



1.Жүрекке жүрек теңесек
Дүрсілін тыңдап, ұқ демін
Сыйлықта гүлде емес ед
Сәлемің ғана күткенім

Ғашық жандардың көзінде
Қуаныш күлкі бар шаттық
Білесің бізге өзіңде
Жараспайтынын алшақтық

Қайырмасы:
Жүректі тыңдап жүр сана
Жаныма өлең жазылса ем
Мені ойлайтындар бір шама
Менің ойым мәңгі сен

2.Келемін бір сәт алаумен
Ем іздеп ішкі мұң шерге
Сен жаққа болдым қараумен
Келмейтініңді білсем де

Онсызда желдің лебі есер
Төзім бәріне жүкте мұң
Сыйлықта гүлде емес ед
Сәлемің ғана күткенім

Қайырмасы:

# Туған жер тақырыбындағы әндер

## Ақ кемер

*Сөзі: Қ. Иманбековтікі*



1. Орманбет бабам төбесі биік
Басыма бақты бересің үйіп
Аққемер біздің батырлар елі
Жауына өткен жебесі тиіп

Тауға теңесем тұлғасын дара
Татиды ұлдары мың ғасырға да
Қаздың үніндей қаңқылдап қонған
Хамзиннің күйін тыңдасын дала

Қайырмасы:
Балықтыбұлақ бақ беделімдей
Аман бол елім ат төбеліндей
Жалғанды жеті айналып келсең
Жер бар ма менің Аққемерімдей

2. Ең ұлы халық-жұрт осындағы
Тектіні туған ұлт асылдары
Серіктің жыры сақталар мәңгі
Қызылтасымның қырқасындағы

Жүйріктей сұлу, жалы бір құндыз
Жарқ етер әлі тағы бір жұлдыз
Шырқатып салған кең даламдағы
Сұңғаттың әнін сағынып жүрміз

Қайырмасы:

# Ақтүбек

*Сөзі: Б.Рахимовтікі*



1.Сарысудың сай саласын
Жылыстап ай барады
Әлменнің бидайығы
Желменен ырғалады

Қайырмасы:
Бұл менің өскен жерім
Жазбенен көктемдерім
Аяулы Атамекен
Сағынтқан Ақтүбегім
Бабалар ізі қалған
Баянды бақ тілеуім.

2.Естісең құлақ түріп
Ағады бұлақ күліп
Бұл елмен батыр Бәйеш
Қоштасқан жылап тұрып

3.Өткен күн бәрі есімде
Аларсың сенде есіңе
Арманды алдадың да
Өкіндің сен Несіне?!

# Бақты мекенім

*Сөзі: М. Асандікі*

**Жігерлі ♩. = 120**



1.Бақты мекенім – байлығым қымбат,
Өзіңде өткен ай, күнім қымбат.
Мен саған мәңгі сәбимін бала,
Тауларың – бесік, айдының – құндақ.
Таң құшағында көзілген едім,
Жүрегім, жаным – өзіңде менің.
Сен – таза, тұнық махаббатымсың,
Бөленген сырлы сезімге керім.

Қайырмасы:
Тарихың тылсым көне мекенім,
Сен десе ауыл, елең етемін.
Мен сені Бақтым – кеудемде мәңгі,
Жүрек төріне бөлеп өтемін.

2.Бақ қонған ауыл – Бақты мекенім,
Аңғарың алтын, ақгүл етегің.
Топырағың ыстық, самалың саумал,
Бұлағың балдай тәтті шекерім.
Көп сенде жұмбақ білгім келерім,
Сиқырына мың сырдың бөледің.
Қадыр мен Түндік – қос бұрымындай,
Қарақат қыздың бүлдірен ерін.

Қайырмасы:
3.Күйбең күндердің жүгін асынып,
Жетемін саған бүгін асығып.
Серпіліп қайтам сары кезеңмен,
Серектің биік шыңына шығып!
Тұғырым сенсің – Дуанбай мекен,
Аңсамай, сүймей тұра алмайды екем.
Шалғыныңа кеп шалқалай кетпей,
Сағынған жүрек уанбайды екен!
Қайырмасы:

# Жырымның толқындары

*Сөзі: Е.Елеусіз*



1.Жетелейді таңдарда айымды күн
Сағынамын созылған сайын, гүлін
Жастығымның куәсі бұлқындың ба
Аманбысың толқыған «Қайыңдыкөл»

Қайырмасы:
Сағынышым ол сенің алтын дәнің
Сенің арқаң биікке талпынғаным
Аңсадым ғой, сыймайтын арнасына
Сыңғырлаған «Жырымның» толқындарын

2.Сезімім саған деген сөнбесін деп
Домбыраның ән қалды пернесінде
Аспанға ұшады екен әнге айналып
Армандар «Сиырлының» кеудесінде

3.Бәрінің ізі қалған «Қойтасында»
Ескіден қалған ән бар айтасың ба?
Кеш түсіп келе жатыр көкжиекке
Қария мен қоштасып қайтасың ба?!

# Киелі Балқантау

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1.Жерімді жұмақ,
Егіндібұлақ,
Сүйемін ғажап таңынды.
Сәби құмарым,
Мәдидің әні
Киелі Балқантауымды.
Шұбар көлімде,
Сыңар көрінген
Шапағат сенің есімің.
Көлбасындағы,
Көзжасымдағы
Махаббат менің бесігім!

ҚАЙЫРМАСЫ:
Қазыбек бидің заңғарларына,
Мәди бабамның армандарына,
Тәттімбет күйі жалғанғанында,
Киелі менің Балқантауыма,
Биіктен ғана қараймын!

2.Тұрсынның жыры,
Дүрсіл-дүбірі
Естілген тұлпар-пырақтай.
Сөзіңді тыңдап,
Сезімді жұмбақ,
Кештім мен сұңқар мұраттай.
Бұлағы кәусар,
Шынарым аңсар,
Бүлдірген өрген белі гүл.
Таңдары басқа,
Арманы асқақ,
Қазақтың көркем жері - бұл.

# Қояндым

*Сөзі: Қ.Иманбековтікі*



Қояндыны мекендеген
Қарапайым қараша ел
Төрт өзеннің сағасы
Балықтыкөл, Қарасор

Тереңге жайылған тамыры
Тоқпаннан тұлғанды таныдым
Қазына салтымсың
Шежіре қартымсың, ауылым.

Қайырмасы:
Қояндым
Мекенім өзіңсің аяулы
Жетемін сағынсам желпініп
Өтемін туған жер
Паналап саяңды

2. Қояндының жәрмеңкесі
Асырып тұр атағын
Бар әлемге әйгілі
Алақандай шахарым

Ұлдары жүйрік ат баптаған
Дәстүрім, салтымды сақтаған
Жәрмеңке өткен жер
Ауылым текті ел деп мақтанам

Қайырмасы:

# Қызылтау

*Сөзі Қ.Медеубаевтікі*



1.Туған жер атамекен Қызылтауым
Өзіңде татқан менің тұзым, дәмім
Сендегі махаббатқа бас иеді
Өрбіген шартарапқа қыз ұлдарың

Қайырмасы:
Қызылтау мәңгі осындай
Шаттықтың арнасында
Базары тарқамаған
Бақыттың ордасындай

2.Төккенде нұр сәулесін ай күміс таң
Жаныңа медеу іздеп, қайғы құшқан
Ғашықтар махаббатын жүреді іздеп
Тау жақтан самал ессе Айғырұшқан

Қайырмасы

3. Желшоқы, Жамбасбұлақ бөктерінде
Есімде алғаш сүйген көктемімде
Кеудемді қуанышқа толтырамын
Сағынып Қызылтауға жеткенімде
Қайырмасы

# Туған жер толғауы

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1.Туған жерім самалыңа тояр кім
Бұлбұлыңның әуенімен ояндым
Наркескен ұл бесігінде тербелген
Жәрмеңкесін өргізгенде Қояндым

2.Абыралы атырабы гүл көркем
Көл басында ақбөкені күнде өрген
Көнетастан әнін естіп Мәдидің
Сенен асқан кереметті кім көрген

3.Кие дарып сенің әрбір тасыңа
Құдіреттің бардым көріп қасына
Жұрт иіріп билік айтқан Қазыбек
Бұлт үйіріп Балқантаудың басына

4.Сағынышты осынау ән емдер ме?!
Жанарыма мөлдіреп жас келгенде
Таптым деппін жүрегімнің дауасын
Тәттімбеттің күйі қалған белдерде

5.Сағынышын ұланыңның білсін кім
Биігіңе қарап тұрып сүйсіндім
Сенен керім жерді қайдан табамын
Өлеңдері сияқтанған Тұрсынның

6.Жүрегіме ұялатқан ерек күн
Жан дертімді емдей алар жебеп кім
Шарықтыда шабытымды шақырсам
Өнеріме сен куәсің, Теректім

7.Суыңды аңсап шөлдегенде таңдайым
Саған келем туған жерім әрдайым
Шаңырағы шайқалмаған елімді
Сағынамын Балқантаудың баурайын

# Әр түрлі тақырыптағы әндер

## Ақшағала арман ай

*Сөзі: М.Өтебайдікі*



1.Ақ шағала арман ай
Жетпей қанат талған ай
Өмір мынау осылай
Өте шығар жалған ай

Қайырмасы:

Дархан көңіл
Арай сезім
Ержан еркем
Енді үшеуің аман бол
Ел сыйлайтын адам бол
Шырмауықтай өмірде
Бір- біріне алаң бол

2. Көңіл толмас білемін
Ақтан тілек тіледім
Белесінде тағдырдың
Арың болсын тірегің

3.Ашық нұрлы лағылдай
Тірлік те мынау сағымдай
Бір Алладан тіледім
Бақтың биік бағын ай

# Мен әлі баламын

*Сөзі: Е.Кеңесбековтікі*



1.Көздерім жылауға ерік бер,
Жарасы жүректің қанады
Өксіген өмірім ерітер
Мұз болған іштегі жараны

2. Назкөңіл жан-жаққа елеңдер
Жасыма жуылған жанарым
Ер жігіт жылады демеңдер
Себебі мен әлі баламын

3. Жылаудан қаласың сал болып
Қатты екен қайғының кеселі
Жүйкеңде кетеді дал болып
Көзжасың көмейді теседі

4. У болып қайғының араны
Бауырым барады езіліп
Шаршаймын өзегім талады
Тағдырдың торына кезігіп

5. Назкөңіл жан-жаққа елеңдер
Жасыма жуылған жанарым
Еркексің жылады демеңдер
Өйткені мен мәңгі баламын

# Медицина ордасы

*Сөзі: Қ.Медеубаевтікі*



1.Білімнің ұя салған асқарына
Алаштың айбыны бар жастарында
Медицина ордасы қанат жайды
Асқақтап абыройы аспанында

Қайырмасы:
Асқақ болар жол басы
Өнер білім жолдасы
Арманымның арнасы
Медицина ордасы

2.Биікке қалықтады жұлдыздары
Ғылымның бағындырып шың-құздарын
Ұлтымның мақтанына айналды
Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары

3.Арманы ем іздеген ғалымдардың
Арманы талай ғасыр замандардың
Тәлімнің нәрін құйған оқу орны
Саулығын тілейтұғын адамдардың

# Жаңа жыл

*Сөзі: Р. Қабидолдинікі*



1.Айнала аппақ әдемі неткен
Күміс қар жауып келеді көктен
Ақ жүректерге үмітін сыйлап
Жаңа жылымның сәлемі жеткен

Ғажайып сезім сағыныш қандай
Күміс қар күнмен шағылысқандай
Жаңа жыл келіп жаңа бір арман
Алысқа бізді алып ұшқандай

Қайырмасы:
Жаңа жыл келді даламызға да
Жаңа жыл келді қаламызға да
Ақ гүлін сыйлап анамызға да
Шаттығын сыйлап баламызға да

2.Жаңа жыл келді жаңарды бәрі
Даламның сәні, ғаламның әрі
Жаңа жылменен шаттана берсін
Жастардың бәрі, достардың әні

Шыршамыз қандай жанатын шамдай
Жарқырап жайнап ататын таңдай
Жаңа жыл келіп Қазақтың елі
Қарыштай берсін қанаты талмай

# Селт еткен әлем сескеніп (терме)

*Сөзі: Қ.Иманбековтікі*



1.Таңдарыменен таласқан
Арманыменен бағы асқан
Айғада барып оралған
Арыстан ұлдар Алаштан

Жебесін қиыс атпаған
Кемесі Нұхтың тоқтаған
Сайын даланы сақтаған
Садағын асып сақ бабам

2.Найзасы бекем ұлдардан
Айласын сақтап кім қалған
Селт еткен әлем сескеніп
Сертіне берік ұлдардан

Өрліктің құсын ұшырған
Елдігім менің мұсылман
Байтағын іздеп келмеп пе еді
Бейбарыс бабам Мысырдан

3.Мінгені жүйрік тұлпары
Ілгені қолға сұңқары
Қазақтай сері ел қайда
Ұлтжанды туар ұрпағы

Бахадүр, алғыр, наркескен
Батырлар шықпас мәңгі естен
Діні мен тілі елі үшін
Бабаларым - ай қан кешкен

4. Қазақтың салты басқа ілім
Әлемге үлгі дәстүрім
Ұлтымның үні домбыра
Ұлы өнерді ондай ашты кім
Әміре кеше салған үн
Әмірі шығар Алланың
Талай бақ сыйлар қазаққа
Арайлап атқан таңдарым

5.Қажы боп келген Меккеден
Қажымұқан атам текті өрен
Жамбасы жерге тимеген
Жеңіске тегін жетпеген

Жігіттерінде айталық
Үміттерінде айталық
Дүние білер ерлігін
Қазақтай болар қай халық

6.Ту алып өскен түзде ұлы
Қуанып өскен қыр гүлі
Алашым жетсе арманға
Алланың берген ырзығы

# Мазмұны

Алғы сөз ....... 3
***Мақпал Жүнісова.*** Санадағы сағынышты қозғайтын саз ....... 5
***Мирас Асан.*** Туған жерін тұғырға қондырған сазгер ....... 6
**Махаббат тақырыбындағы әндер**
Айналайын ....... 7
Аққусым ....... 9
Аңсағаным менің ....... 11
Аңсағаным ....... 13
Арқаның таңы ....... 15
Бақытты едің ....... 17
Гүлғұмыр ....... 19
Ғашықпын ....... 21
Естелік ....... 23
Жанымда бол ....... 25
Иран бағым ....... 27
Кездескім келіп жүр менің ....... 29
Кел маған ....... 31
Кешір аяулым ....... 33
Көріктім ....... 35
Қалай ....... 37
Қалқатай ....... 39
Қылықтым ....... 41
Періштем ....... 43
Сағындым ....... 45
Сағындым сені ....... 47
Сағыныш ....... 49
Сен едің ....... 51
Сен қасымдасың ....... 53
Сенсіз ....... 55
Сүйемін сені ....... 57
Сізге ....... 59
**Туған жер тақырыбындағы әндер**
Ақ кемер ....... 61
Ақтүбек ....... 63
Бақты мекенім ....... 65
Жырымның толқындары ....... 67
Киелі Балқантау ....... 69
Қояндым ....... 71
Қызылтау ....... 73
Туған жер толғауы ....... 75
**Әр түрлі тақырыптағы әндер**
Ақшағала арман ай ....... 77
Мен әлі баламын ....... 79
Медицина ордасы ....... 81
Жаңа жыл ....... 83
Селт еткен әлем сескеніп (терме) ....... 85



Карағанды каласы. 2023 жыл